**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті 2025 жылғы 04 сәуірдегі Гранттық, коммерцияландыру және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобаларына қажетті тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша №068 Бұйрыққа сәйкес бекітілген Комиссия отырысының**

**№ 6 ХАТТАМАСЫ**

| | |
|---|---|
| Түркістан қаласы,<br>Б.Саттарханов даңғылы 29В, 201 кабинет | 10 шілде 2025 ж.<br>сағат: 12.00 |

**Қатысқандар:**

**Төраға:** А.Ошибаева – Комиссия төрағасы, Ғылым және стратегиялық даму жөніндегі вице-ректоры.

**Комиссия мүшелері:** Х.Масадиков – Ғылым департаментінің директоры, А.Исаков - Коммерцияландыру офисінің директоры, Э. Сайын –Жауапты хатшы орынбасары, Е.Тұрсынбек – Бағдарламамен қамтамасыз етудегі инновациялар бөлімінің меңгерушісі, Л. Пирметова – Заң бөлімінің заңгері, М.Мұсабек – бухгалтер.

**Қатыспағандар:** М.Қырықбаев – Тәуекел менеджері (кезекті еңбек демалысына шығуына байланысты), Н. Генч- ректор өкілі (қызметтік міндеттерінің тығыздығына байланысты).

**Комиссияның хатшысы:** А.Өмірбек – Ғылымды дамыту жөніндегі жобалық кеңсе бөлімінің жетекші маманы.

**Күн тәртібінде:**

1. Университеттің ресми сайтында жарияланған хабарландыруға сәйкес, жалпы ғылыми жобалар аясында тауар, қызмет, жұмыс сатып алуға 20 (жиырма) лот жарияланды, жарияланған хабарландыруға сәйкес келіп түскен лоттар бойынша коммерциялық ұсыныстарға жасалған талдауды (1 қосымша) қарау;
2. Хабарландыруға жарияланған лоттар бойынша жеткізушілерден келіп түскен коммерциялық ұсыныстардың техникалық сипаттамаға, бағаға сәйкестігін қарастырып шешім шығару, келісім-шарт талаптарын келісу.

**Бірінші мәселе бойынша тыңдалып, қаралды:**

Комиссия мүшелері 2025 жылғы 2 шілдеде университеттің ресми сайтында жарияланған хабарландыру негізінде ғылыми жобалар шеңберінде тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуға келіп түскен коммерциялық ұсыныстармен толықтай танысты.

Аталған хабарландыру аясында барлығы 20 (жиырма) лот жарияланған. Оның ішінде 11 (он бір) лот бойынша әртүрлі заңды тұлғалар мен ұйымдардан коммерциялық ұсыныстар келіп түсті, ал қалған 9 (тоғыз) лотқа ешбір өтінім түспеген.Коммерциялық ұсыныстар әрбір лот бойынша жеке-жеке қарастырылып, техникалық және қаржылық талаптарға сәйкестігі тұрғысынан жан-жақты сарапталды. Сараптама нәтижелері осы хаттамаға тіркелген 1-қосымшада көрсетілген.

**Екінші мәселе бойынша тыңдалып, қаралды:**

Комиссия мүшелері тарапынан техникалық және қаржылық талаптарға толық сәйкес келетін коммерциялық ұсыныстар қайта зерделенді. Жүргізілген сараптама нәтижесінде сатып алу талаптарына толықтай жауап беретін ұсыныстар айқындалды.

10 (он) лот бойынша ұсынылған тауарлар мен қызметтер техникалық сипаттамаларға, жоспарланған шекті бағаларға және сатып алуға қойылған құжаттамалық талаптарға толық

сәйкес келетіні анықталды. Коммерциялық ұсыныстарда көрсетілген бағалар сатып алу жоспары шеңберінде белгіленген шекті мөлшерден аспайды, ал жеткізу шарттары мен өзге де қосымша талаптар толық әрі нақты түрде көрсетілген.

Осыған орай, көрсетілген лоттар бойынша ұсыныстар талаптарға сәйкес деп танылды:

1. 3-лот – «Көп мәрте қолданылатын силиконды қалыптар» (1 дана) бойынша ЖШС "БВБ-Альянс" (өкіл: Шектібаев Н.) тарапынан ұсынылған 192 000 теңге сомасындағы коммерциялық ұсыныс техникалық және қаржылық талаптарға толық сәйкес деп танылды. Төлем шарттары: шарт сомасының 100%-ы көлемінде алдын ала төлем қарастырылды.

Аталған коммерциялық ұсыныстағы кестеде көрсетілген баға 192 000 теңге болғанымен, құжаттың төменгі бөлігінде «Барлығы» 288 000 теңге 00 тиын деп қате көрсетілген. Бұл мәндегі сәйкессіздік техникалық сипаттағы қате ретінде бағаланды. Құжатта нақты және дұрыс көрсетілуі тиіс баға – 192 000 теңге. Аталған мәселе келісімшарт жасасу кезеңінде реттеліп, шартта дұрыс көрсетілуі қамтамасыз етіледі.

2. 4-лот – «Ультрабук» (5 дана) бойынша ЖШС "ОрдаПринтСервис" (өкілдер: Баканов Г., Султанов М.) ұсынған 3 462 000 теңге көлеміндегі баға техникалық сипаттамалар мен шекті сомаға сай екені расталып, қабылданды. Төлем шарттары: шарт сомасының 50%-ы көлемінде алдын ала төлем қарастырылды.

3. 5-лот – «Ноутбук» (3 дана) бойынша ЖШС "ОрдаПринтСервис" (өкілдер: Аймбетова И., Досымов Е., Сейтов Б.) ұсынған 1 294 000 теңге көлеміндегі баға техникалық және қаржылық талаптарға толық сәйкес деп бастапқыда бағалаған. Коммерциялық ұсынысқа сәйкес, төлем шарттары – шарт сомасының 100%-ы көлемінде алдын ала төлем қарастырылды.

Алайда ұсынысты қосымша тексеру барысында анықталғандай, коммерциялық ұсыныс ішінде көрсетілген жалпы сома дұрыс есептелмеген. Ноутбуктердің бірліктік бағалары мен жалпы құны арасында сәйкессіздік бар. Осыған байланысты ЖШС "ОрдаПринтСервис" мекемесінен аталған сәйкессіздікке байланысты лоттан бас тарту жөнінде ресми хабарлама (электрондық пошта арқылы) жіберілді. Аталған 5-лот сәйкес емес деп танылып, келесі хабарландыруда қайтадан жарияланатын болады.

4. 6-лот – «Ноутбукке арналған сөмке» (2 дана) бойынша ЖШС "ОрдаПринтСервис" (өкіл: Берді Д.) тарапынан ұсынылған 40 000 теңге сомасындағы коммерциялық ұсыныс талаптарға толық сәйкес деп танылды. Төлем шарттары: шарт сомасының 100%-ы көлемінде алдын ала төлем қарастырылды.

5. 10-лот – «Беріктігі жоғары ZrCN жабындарының морфологиясын және физикалық-механикалық қасиеттерін зерттеу» қызметі бойынша ЖШС "PlasmaScience" (өкіл: Шектібаев Н.) ұсынған 1 305 000 теңге көлеміндегі баға техникалық сипаттамалар мен шекті сомаға толық сәйкес деп танылды. Төлем шарттары: шарт сомасының 100%-ы көлемінде алдын ала төлем қарастырылды.

Комиссия төрағасы А. Ошибаева, BR24992814 «Оңтүстік Қазақстан өңірінің тұрақты дамуы үшін инновациялық технологияларды дамыту және заманауи инфрақұрылымды құру» жобасының жетекшісі ретінде осы жобаға қатысты ұсыныстарды қарау және дауыс беру процесіне қатысуға құқығы жоқ екенін атап өтті. Осыған байланысты, Ереженің талаптарына сәйкес, аталған жоба шеңберіндегі коммерциялық ұсыныстарды қарау және шешім қабылдау өкілеттігі жауапты хатшы орынбасары Э. Сайынға жүктелді. Осы негізде комиссия отырысы өз жұмысын жалғастырды:

6. 15-лот – «Гигрометр» (33 дана) бойынша ЖШС "Ост-Фарм" (өкіл: А.Ошибаева) тарапынан ұсынылған 254 100 теңге сомасындағы баға техникалық сипаттамаларға сәйкес келетіні және жоспарлы шекті сомадан аспайтыны анықталды. Төлем шарттары: шарт сомасының 100%-ы көлемінде алдын ала төлем қарастырылды.

7. 16-лот – «Қыздырылған магнитті араластырғыш» (4 дана) бойынша ЖШС "Вельд" (өкіл: А.Ошибаева) ұсынған 1 182 560 теңге көлеміндегі баға толық сәйкестігімен қабылданды. Төлем шарттары: алдын-ала төлемсіз жүзеге асырылады.

8. 17-лот – «Нуклеин қышқылдарын бөлуге арналған құрылғы» (2 дана) бойынша ЖШС "Вельд" (өкіл: А.Ошибаева) тарапынан ұсынылған 8 715 300 теңге сомасындағы коммерциялық ұсыныс сметалық шекте және техникалық талаптарға сай деп танылды. Төлем шарттары: алдын-ала төлемсіз жүзеге асырылады.

9. 18-лот – «Колба-ұстағышы бар аспиратор» (1 дана) бойынша ЖШС "Вельд" (өкіл: А.Ошибаева) ұсынған 289 350 теңге көлеміндегі баға техникалық және қаржылық талаптарға сәйкес деп танылды. Төлем шарттары: алдын-ала төлемсіз жүзеге асырылады.

10. 19-лот – «Центрифуга» (2 дана) бойынша ЖШС "Вельд" (өкіл: А.Ошибаева) тарапынан ұсынылған 1 932 950 теңге көлеміндегі баға белгіленген сметалық шектен аспайтыны және техникалық сипаттамаларға толық сәйкес келетіні анықталды. Төлем шарттары: алдын-ала төлемсіз жүзеге асырылады.

**ШЕШІМ:**

1. Ғылыми жобалар аясында тауар, қызмет, жұмыс сатып алуға жарияланған 20 (жиырма) лот бойынша келіп түскен коммерциялық ұсыныстар қаралды, олардың техникалық сипаттамалары мен қаржылық ұсыныстарының сатып алу талаптары 1- қосымшаға сәйкес қаралды, тексерілді.

2. Комиссия мүшелері хабарландыруға жарияланған лоттар бойынша жеткізушілерден келіп түскен коммерциялық ұсыныстардың техникалық сипаттамаға, бағаға сәйкестігін қарап, талаптарға толық сәйкес келген 9 (тоғыз) лот бойынша ұсыныстар қабылданып, олармен келісімшарттар жасау туралы шешім мен төлем шарттары қабылданды. Комиссия өткен соң, 5 жұмыс күні ішінде келісім-шарт түзілсін.

| | |
|---|---|
| **Комиссия төрағасы** | **А.Ошибаева** |
| **Комиссия мүшелері:** | |
| Жауапты хатшы орынбасары | Э. Сайын |
| Ғылым департаментінің директоры | Х.Масадиков |
| Коммерцияландыру офисінің директоры | А.Исаков |
| Бағдарламамен қамтамасыз етудегі инновациялар бөлімінің меңгерушісі | Е.Тұрсынбек |
| Заң бөлімінің заңгері | Л. Пирметова |
| Бухгалтер | М.Мұсабек |
| Хатшы | А.Өмірбек |

1 қосымша

**Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің тізімі**

| Лот | Тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің атауы | Саны | Лоттың қосылған құн салығын (ҚҚС) қоса алғандағы сомасы, теңге | Жоба жетекшісі | КҰ саны мен сілтемесі | Сәйкестік | Төлем шарттары |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Кулонометриялық анализатор | 1 дана | 2 000 000 | Аймбетова И | ҚҰ келмеді | | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 50%-ға жетуі мүмкін |
| 2 | Көпфункционалды портативті сұйықтықтар анализаторын өлшеу құралы | 1 дана | 1 200 000 | Аймбетова И | ҚҰ келмеді | | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 100%-ға жетуі мүмкін |
| 3 | Көп мәрте қолданылатын силиконды қалыптары | 1 дана | 192 000 | Шектібаев Н | ЖШС "БВБ-Альянс" 192 000 | Сәйкес | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 100%-ға жетуі мүмкін, жеткізушінің КҰ-ында төлем шартына талап қойылмаған |

1 қосымша

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ЖШС «РостМеталл Групп Астана»<br>459 000 | Баға ұсынысы сәйкес келмейді | |
| | | | | | ЖШС «ПО трубное решение Казахстан»<br>559 000 | Баға ұсынысы сәйкес келмейді | |
| 4 | Ультрабук | 5 дана | 3 489 960 | Баканов Г<br>Султанов М | ЖШС "ОрдаПринтСервис"<br>3 462 000 | Сәйкес<br>Лот 5-нші рет жарияланғаны үшін Ереженің талабына сәйкес, егер 3 коммерциялық ұсыныстан кем түссе комиссия шешімімен бір көзден сатып алу қарастырылады | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 50%-ға жетуі мүмкін, жеткізушінің КҰ-ында төлем шартына талап қойылмаған |
| 5 | Ноутбук | 3 дана | 1 522 760 | Аймбетова И<br>Досымов Е<br>Сейтов Б | ЖШС "ОрдаПринтСервис"<br>1 294 000 | Сәйкес емес<br>Лот 5-нші рет жарияланғаны үшін Ереженің талабына сәйкес, егер 3 коммерциялық ұсыныстан кем | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 100%-ға жетуі мүмкін |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | түссе комиссия шешімімен бір көзден сатып алу қарастырылады алайда коммерциялық ұсыныс ішінде көрсетілген ноутбуктердің бірліктік бағалары мен жалпы құны арасында сәйкессіздік бар | |
| 6 | Ноутбукке арналған сөмке | 2 дана | 40 000 | Берді Д | ЖШС "ОрдаПринтСервис" 40 000 | Сәйкес Лот 5-нші рет жарияланғаны үшін Ереженің талабына сәйкес, егер 3 коммерциялық ұсыныстан кем түссе комиссия шешімімен бір көзден сатып алу қарастырылады | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 100%-ға жетуі мүмкін, жеткізушінің КҰ-ында төлем шартына талап қойылмаған |
| 7 | Бағдарламалық қамтамасыздандыру | 1 дана | 27 990 | Баканов Г | КҰ келмеді | | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала |

1 қосымша

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | төлем 100%-ға жетуі мүмкін |
| **8** | **Антивирус** | **1 дана** | **82 956** | **Берді Д<br>Султанов М** | **ҚҰ келмеді** | | **Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 100%-ға жетуі мүмкін** |
| **9** | **Картридж және тонерлер** | **11 дана** | **73 000** | **Аймбетова И<br>Исаев М<br>Берді Д<br>Султанов М** | **ҚҰ келмеді** | | **Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 100%-ға жетуі мүмкін** |
| **10** | **Беріктігі жоғары ZrCN жабындарының морфологиясын және физикалық-механикалық қасиеттерін зерттеу жөніндегі қызметтер** | **1 қызмет** | **1 305 000** | **Шектібаев Н** | **ЖШС "Институт композиционных материалов"<br>1 920 000** | **Баға ұсынысы сәйкес келмейді** | |
| | | | | | **ЖШС «Qaz Port»<br>1 540 000** | **Баға ұсынысы сәйкес келмейді** | |
| | | | | | **ЖШС «PlasmaScience»<br>1 305 000** | **Сәйкес** | **Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 100%-ға жетуі мүмкін, ҚҰ-та 50 % алдын ала төлем талап етілді** |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 11 | Дейтерийлі плазмамен сәулелендіру және жабындардың құрылымы мен қасиеттерін зерттеу жөніндегі қызметтер | 1 қызмет | 4 260 000 | Сейтов Б | ЖШС "Институт композиционных материалов"<br>5 430 000 | Баға ұсынысы сәйкес келмейді | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 50%-ға жетуі мүмкін |
| | | | | | ЖШС «Qaz Port»<br>4 820 000 | Баға ұсынысы сәйкес келмейді | |
| | | | | | ЖШС «PlasmaScience»<br>5 430 000 | Баға ұсынысы сәйкес келмейді | |
| 12 | Chloroform (Хлороформ) | 1 литр | 150 200 | Алчинбаев М | ҚҰ келмеді | | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 100%-ға жетуі мүмкін |
| 13 | Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік ақпараттық технологиялар саласындағы консультациялық қызметтер | 1 қызмет | 3 139 840 | А. Ошибаева | ҚҰ келмеді | | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 100%-ға жетуі мүмкін |
| 14 | Бактерицидтік сәулелендіргіш | 50 дана | 1 130 200 | А. Ошибаева | ҚҰ келмеді | | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 50%-ға жетуі мүмкін |
| 15 | Гигрометр | 33 дана | 275 880 | А. Ошибаева | ЖШС "Вельд"<br>275 880 | Сәйкес | |

1 қосымша

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ЖШС "Ост-Фарм"<br><br>254 100 | Сәйкес<br><br>Лот 2-нші рет жарияланғаны үшін Ереженің талабына сәйкес, егер 3 коммерциялық ұсыныстан кем түссе комиссия шешімімен бір көзден сатып алу қарастырылады | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 100%-ға жетуі мүмкін, КҰ-та төлем шарты келісімшарт талаптарына сәйкес деп көрсетілген |
| 16 | Қыздырылған магнитті араластырғыш | 4 дана | 1 182 560 | А. Ошибаева | ЖШС "Вельд"<br><br>1 182 560 | Сәйкес<br><br>Лот 2-нші рет жарияланғаны үшін Ереженің талабына сәйкес, егер 3 коммерциялық ұсыныстан кем түссе комиссия шешімімен бір көзден сатып алу қарастырылады | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 100%-ға жетуі мүмкін, КҰ-та төлем шарты келісімшарт талаптарына сәйкес деп көрсетілген |
| 17 | Нуклеин қышқылдарын бөлуге арналған құрылғы | 2 дана | 9 478 920 | А. Ошибаева | ЖШС «Лабортех»<br><br>9 400 000 | Сәйкес | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ЖШС «Лаборо»<br>9 032 360 | Сәйкес | |
| | | | | | ЖШС "Вельд"<br>8 715 300 | Сәйкес | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 50%-ға жетуі мүмкін, КҰ-та төлем шарты келісімшарт талаптарына сәйкес деп көрсетілген |
| 18 | Колба-ұстағышы бар аспиратор | 1 дана | 289 370 | А. Ошибаева | ЖШС «Лабортех»<br>289 370 | Сәйкес | |
| | | | | | ЖШС «Лаборо»<br>289 360 | Сәйкес | |
| | | | | | ЖШС "Вельд"<br>289 350 | Сәйкес | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 100%-ға жетуі мүмкін, КҰ-та төлем шарты келісімшарт талаптарына сәйкес деп көрсетілген |

1 қосымша

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 19 | Центрифуга | 2 дана | 2 012 140 | А. Ошибаева | ЖШС «Лабортех» 2 012 140 | Сәйкес | |
| | | | | | ЖШС «Лаборо» 1 984 060 | Сәйкес | |
| | | | | | ЖШС "Вельд" 1 932 950 | Сәйкес | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 50%-ға жетуі мүмкін, КҰ-та төлем шарты келісімшарт талаптарына сәйкес деп көрсетілген |
| 20 | Салқындатқыш сөмке | 2 дана | 71 140 | А. Ошибаева | ҚҰ келмеді | | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 100%-ға жетуі мүмкін |
| | **Барлығы** | | | **31 923 916** | | | |

Хатшы А. Өмірбек